

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттеуге арналған отырыстын

№2 ХАТТАМАСЫ

Қаратау қаласы

13.02.2026 жыл

ТӨРАЙЫМ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының менгерушісі К.Ж.Жуманазарова

ХАТШЫ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының әдіскері Н.Е.Омарова

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Әйгерім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі А.К.Аксакалованың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері тақырыбындағы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі А.К.Аксакалова сөз алып күн тәртібіндегі мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымының және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын Заңға сәйкес сақтауды қамтамасыз ету;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттемелері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

туралы деректер болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы директорлар кеңесін, қадағалау кеңесін (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органын уактылы хабардар етеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға береді;


5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әдеп талаптарын сақтайды.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уактылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етілсін.

Төрайым:  К.Ж.Жуманазарова

Хатшы:  Н.Е.Омарова